

Еңбекшілдер ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2013 жылғы 26 сәуірдегі № С-15/7 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 22 мамырда № 3752 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2016 жылғы 27 қыркүйектегі № С-4/2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 27.09.2016 № С-4/2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабына, "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 10 бабына сәйкес Еңбекшілдер аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу мақсатында, Еңбекшілдер ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындары қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. "Еңбекшілдер ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" 2011 жылғы 16 ақпандағы № С-29/4 Еңбекшілдер аудандық мәслихатының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-10-136 болып тіркелген, 2011 жылғы 18 наурызда "Жаңа дәуір" газетінде және 2011 жылғы 19 наурызда "Сельская новь" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

КЕЛІСІЛДІ

Еңбекшілдер ауданының әкімі

А.Садуақасұлы

Еңбекшілдер аудандық мәслихатының
2013 жылғы 26 сәуірдегі
№ С-15/7 шешіміне
қосымша

Еңбекшілдер ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 22.10.2014 № С-32/7 (ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

№	Елді мекеннің атауы	Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындары
1.	Үлгі ауылдық округі	
1.1.	Үлгі ауылы	Ауылдық Мәдениет үйінің алдындағы алаң, Новостроек көшесі, 47
1.2.	Қызылұйым ауылы	Ауылдық клубтың алдындағы алаң, Орталық көшесі, 24
1.3.	Карловка селосы	Селолық клубтың алдындағы алаң, Молодежная көшесі, 16
1.4.	Трамбовка селосы	Селолық клубтың алдындағы алаң, Лесная көшесі, 30
1.5.	Ұйымшыл ауылы	Ауылдық кітапхананың алдындағы алаң, Базарбек көшесі, 13
1.6.	Жөкей селосы	Селолық клубтың алдындағы алаң, Центральная көшесі, 7
2.	Ақсу ауылдық округі	
2.1.	Ақсу ауылы	Ауылдық клубтың алдындағы алаң, Бейбітшілік көшесі, 6
3.	Макинка ауылдық округі	
3.1.	Макинка селосы	Селолық Мәдениет үйінің алдындағы алаң, Кирова көшесі, 115а
3.2.	Қоғам селосы	Қоғам селосының орталық алаңы
3.3.	Мақпал селосы	Селолық клубтың алдындағы алаң, Орталық көшесі, 10
3.4.	Бұланды селосы	Бұланды селосының орталық алаңы
3.5.	Қаратал селосы	Қаратал селосының орталық алаңы
3.6.	Қарағай селосы	Қарағай селосының орталық алаңы
4.	Заозерное селосы	Селолық кітапхананың алдындағы алаң, мөлтек аудан 30 үй
5.	Заурал ауылдық округі	
5.1.	Заураловка селосы	Селолық клубтың алдындағы алаң, Тәуелсіздік көшесі, 27
5.2.	Құдықағаш селосы	Селолық клубтың алдындағы алаң, Шарипова көшесі, 16
5.3.	Яблоновка селосы	Яблоновка селосының орталық алаңы
6.	Баймырза ауылдық округі	
6.1.	Баймырза селосы	Селолық клубтың алдындағы алаң, Досова көшесі, 14
6.2.	Шошқалы селосы	Селолық клубтың алдындағы алаң, Бурабай көшесі, 14
7.	Степняк қаласы	
7.1.	Степняк қаласы	"Біржан сал" аудандық мәдениет үйінің алдындағы алаң, Біржан сал көшесі, 36

7.2.	Пригорхоз селосы	Пригорхоз селосының орталық алаңы
8.	Уалихан ауылдық округі	
8.1.	Уалихан селосы	Селолық клубтың алдындағы алаң, Степная көшесі, 7
9.	Мамай селосы	Селолық клубтың алдындағы алаң, Біржан сал көшесі, 17
10.	Донской ауылдық округі	
10.1.	Андықожа батыр ауылы	Ауылдық клубтың алдындағы алаң, Ленина көшесі, 23
10.2.	Невское селосы	Селолық кітапхананың алдындағы алаң, Школьная көшесі, 13
11.	Краснофлот селосы	Селолық клубтың алдындағы алаң, Орталық көшесі, 34
12.	Еңбекшілдер ауылдық округі	
12.1.	Еңбекшілдер селосы	Селолық клубтың алдындағы алаң, Орталық көшесі, 20
12.2.	Ақтас ауылы	Ауылдық клубтың алдындағы алаң, Темір жол көшесі, 13
12.3.	Ақбұлақ ауылы	Селолық клубтың алдындағы алаң, Мектеп көшесі, 5
13.	Бірсуат ауылдық округі	
13.1.	Бірсуат селосы	Селолық клубтың алдындағы алаң, Шоқан Уәлиханов көшесі, 14
13.2.	Сәуле селосы	Селолық клубтың алдындағы алаң, Біржан сал көшесі, 4
14.	Аңғал батыр ауылдық округі	
14.1.	Аңғал батыр ауылы	Ауылдық клубтың алдындағы алаң, Ақ қайың көшесі, 41
14.2.	Жаңалық ауылы	Жаңалық ауылының орталық алаңы
15.	Кеңашы селосы	Селолық клубтың алдындағы алаң, Біржан сал көшесі, 41